

«Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «09120100 – Емдеу ісі» мамандығы, 4S09120101-Фельдшер біліктілігіне арналған «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Ішкі аурулар пропедевтикасы пәніне кіріспе.	01	Денсаулық, ауру, этиология, патогенез, клиника, диагноз, емдеу, симптом және синдром туралы түсінік
02	Тыныс алу жүйесінің аурулары бар пациенттерді тексеру әдістері.	02	Тыныс алу мүшесінің аурулары бар пациенттерді объективті және субъективті тексеру әдісі
		03	Тыныс алу мүшесінің аурулары бар пациенттерді зертханалық және аспапты тексеру әдісі
03	Жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары бар пациенттерді тексеру әдістері.	04	Жүрек-қантамыр мүшесінің аурулары бар пациенттерді объективті және субъективті тексеру әдісі
		05	Жүрек-қантамыр мүшесінің аурулары бар пациенттерді зертханалық және аспапты тексеру әдісі
04	Асқорыту жүйесінің аурулары бар пациенттерді тексеру әдістері.	06	Асқорыту мүшесінің аурулары бар пациенттерді объективті және субъективті тексеру әдісі
		07	Асқорыту мүшесінің аурулары бар пациенттерді зертханалық және аспапты тексеру әдісі
05	Зәр шығару жүйесінің аурулары бар пациенттерді тексеру әдістері.	08	Зәр шығару мүшесінің аурулары бар пациенттерді объективті және субъективті тексеру әдісі
		09	Зәр шығару мүшесінің аурулары бар пациенттерді зертханалық және аспапты тексеру әдісі
06	Қан түзу жүйесінің аурулары бар пациенттерді тексеру әдістері.	10	Қан түзу мүшесінің аурулары бар пациенттерді объективті және субъективті тексеру әдісі
		11	Қан түзу мүшесінің аурулары бар пациенттерді зертханалық және аспапты тексеру әдісі
07	Эндокриндік және зат алмасу жүйесінің аурулары бар пациенттерді тексеру әдістері.	12	Эндокриндік және зат алмасу мүшелерінің аурулары бар пациенттерді объективті және субъективті тексеру әдісі
		13	Эндокриндік және зат алмасу аурулары бар пациенттерді зертханалық және аспапты тексеру әдісі

08	Аллергиялық,тірек-қимыл және дәнекер тіндер жүйесінің аурулары бар пациенттерді тексеру әдістері	14	Аллергиялық,тірек-қимыл және дәнекер тіндер мүшелерінің аурулары бар пациенттерді объективті және субъективті тексеру әдісі
		15	Аллергиялық,тірек-қимыл және дәнекер тіндер аурулары бар пациенттерді зертханалық және аспаты тексеру әдісі
Контекстік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық мәліметтер, сурет және т.б.)			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Ауру, науқас, этиология, патогенез, клиника, диагностика, емі, симптом және синдром туралы түсінік. Тыныс алу жүйесі, жүрек-қантамыр жүйесі, асқорыту жүйесі, қан түзу жүйесі, эндокриндік жүйе және зат алмасу, тірек-қимыл аппараты, аллергиялық, дәнекер тіндер аурулары бар науқастарды тексерудің объективті, субъективті, зертханалық және аспаптық әдістері.

5.Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6.Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларының орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5–2 минутты құрайды.

8.Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.


Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. «Клиникалық пәндер пропедевтикасы» В.М. Нечаев, ГЭОТАР МЕДИА, 2014г.
- 2.«Ішкі аурулар пропедевтикасы және терапиядағы мейіргер ісі» Санов 2012 ж
3. «Ішкі ағза ауруларының пропедевтикасы» Б.Н. Айтмембет 2005 жыл.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті


(қолы) (Т.А.Ә)
«___» _____ 2023 ж.

